

^

!

/

,

Λ

1

—

¥

« »  
1981

63.3(2K)л6

C31

**Сейдімбеков Ақселеу.**

**С 31 Күнгір-күнгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар.-Алматы: Жалын, 1981,— 240 бет.**

Тарих, мәдениет ескерткіштері біздің елде халықтың рухани асыл қазынасы ретінде мемлекет қамкорлығына алынған. Автор бұл кітабында мол тарихи, археологиялық, этнографиялық деректерге сүйене отырып, туған жер төсіндегі ескерткіш белгілер туралы сыр шертеді. Үрпактардың рухани сабактастығы, халқымыздың терен тамырлы мәдениеті, бүгінгі гулденін-керкейген Советтік Қазақстанның кемел шағы жайында ой толгайды.

63.3(2K)л6 + Қаз2

C—  
70803—192  
408(05)81—37-81-4802000000

(C) «Жалын» баспасы — 1981

## АЛҒЫ СӨЗ

Ұлы сахараны ескі дәуірлерде қоныстанған мал багушы тайпалар жасаған мәдениет, өнер — ойға зор әсер ететін, зерттеуді керек қылатын бір таңсық нарсе. Олардан бүгінге дейін сақталып келген көркем бейнелер қарауышыны еріксіз өзіне тартып, Отанының ескі дәуірдегі мәдениет үлгісін жарқын тұрда сипаттайтын, бүгінгі рухани қазынасының арналы бір саласы болып отыр.

Совет дәуірінде археологтар зерттеуімен табылған қашама байлықтар бар, оның көбі алтыннан, күмістен, әдемі қоладан жасалған сұлу дүниелер. Олар — бүгінгі совет музейлерінің айшықты асыл қазынасы, сонымен бірге елдің өткен ғұмыр шешкіресінің жанды айғақтары. Міне, осынау әр текті, шалғай өрістерден тартылатын молмөл маглұмат аз аяда ғана белгілі. Арнайы шұғылданып жүрген тарихши, археолог ғалымдар қазір қыруар деректер жинақтап үлгерді. Ал қалың қоюшы қауым, әсіреле жаңа талап жауқазын жастарымыз сол байтақ маглұматтарға құныға дең қоюы оңайға түспейді. Ғылымның қының қалтарыстарынан дұрыс жол тауып шығып, пайдалы үғым-түсінік орнықтыру үшін, жас адамға әр қашан қолқабыс жасап отыру парыз. Жас үрпаққа жақсы өнеге көрсетудің небір үримтал үлгілері мәдениеті озық елдерде аса ындағатпен қолға алынады. Мұның ең бір жарқын айғағы ғылымның әртүрлі тегін тектейтін көшілік қолды кітаптарды шығаруға дең қою дең білемін. Сонда ой-санасы орныға бастаған, қиялы қара қанаттанған жас үрпақ ел-жүрттына пайдалы талтыныстарға дең қойып, өнегелі ғұмыр кешпек. Ақселеу Сейдімбековтың «Күңгір-күңгір күмбездер» дең аталағын кітабы осындай шуақты ойларға тиек болатын еңбек.

Автор байтақ даладағы бақташы елдердің тарихына, географиясына, қандай тіршілік жасағанына ерекше көңіл қойып, әсіреле олардың мәдениетіне, өнер түріне, әдеміне, істейтін ісіне, тігетін күйміне, ішетін асына, ғұрпана, барлық этнографиясына жарқын көзben қарап, оларды ғылыми, көркем тілмен айтып беруді мақсат еткен. Қытай, грек, латын тілінде бақташылар туралы жазылған байтақ мәліметтерді пайдалана отырып, кейінгі замандағы атақты саяхатшыларды, топ-тобымен зерттеген ғалымдарды еске түсіріп отырады. Сондықтан да болар А. Сейдімбеков кітабын әрі ғылыми дұрыс, әрі жанға жайлы жүгымды, көшілік әдемі түсінетін, жарқын тілмен жазған.

Кітаптың ішіндегі терең оймен жазылған бір бөлімі—көп гасырлар ішінде көшпелілер даласында жасалған байтақ мәдениет. оның тұлғалары, сабактас болып өсуі, өркенді дәстүрлері туралы.

*Мәдениет дегеніміз—адамзат баласының ақыл-оізы, маңдай тери, қажырлы еңбегі; мұның бәрі — зор қоғамдық сипат. Қазақстанның кең сахараасында бүгіндегі 25 мыңдан астам тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Олардың үлкен бір тобы Қазақстанда қола дәуірінің ұлы бір мәдениет үлгісі (цивилизация) болғанын сипаттайды, оның сирек жолыгатын түрі қола дәуіріндегі қыстақтардың орны, кең қазып шығарушылардың қыстаулары, зәулім қалқа тастар, қанат тастар, қотан тастар. Бұлармен сабактас болып тұргызылған бақташи тайпалардың зәулім обалары — тас оба, жер оба, бес. шатыр. Олардың ең зәулімдерін Т. У. Аткинсон Тарбагатай тауынан, Қапал тауынан, Іле өзені бойынан көріп, қағазға түсірген. Сондай зәулім төбелер (оба) әсіресе Орталық Қазақстанда, Ертіс бойында, Алтай, Қалуа, Сауыр тауаларында орасан көп.*

*Мәдениеттің өнерге негіз болған енді бір түрі мұсін тастар. Бақташи елдің шеберлері тас қашауды, кең қазуды жеткі білген. Қазақстандағы мұсін тастың ең ескі түрі ғұндар заманында шыға бастаған. Олардың ерекшелігі — өте бік етіп жасалғаны (4-5 метрге дейін), мұның үлгілері Қарқаралы тауының ішінде (Ақ-қойтас), Атасу өзенінің бойында сақталған. Оны бастырып шығаруға мүмкіндік болмай отыр.*

*Мұсін тастың көбі түркі қағанаты кезінде қойылған. Ол Қазақстанның барлық жерінде кездеседі, олар көбінесе ескі замандағы атақты ерлерді, ақылды билерді, ақын-жырауларды суреттейді (Қарқаралы, Баян-Аула, Қекшетау, Ұлытау). Қытшақ дәуірінің мұсін тастары көбінесе мал күтетін әйелді, қойшины, бақсыны қадірлайді, малды көбейтетін солар деп түсінген. Қарлық, шектілердің мұсін тастары да осы тәрізді, сонымен қатар, олар саятши, құсбетілерді, сұңқар, лашиң, қаршиға салатын аңыштарды тас мұсінмен бедерлеп отырған.*

*Қазақстандағы қала мәдениетінің қалдығы орасан көп, олар оліт жатқан тау сияқты Жетісууда, Шу, Талас өзені бойында, Сырдария, Араг течізі өлкесінде, Орталық Қазақстанда, Жайық, Жем өзені бойында, Маңғыстауда жиі-жиі кездесіп отырады.*

*Міне, сан гасырды қоқтей өтіп сабактасып жатқан осы байтақ мәдениет қалдығын, көркем мұраларды жүйрік біліп түсінуге, оларға тарихи мән беріп, зерттеуге көп шеберлік керек. Біздің бұл өсken заманда Отаның тарихын, оның мәдениетін жүйрік білудің зор мәні бар. Ол — Отанды ардақтайтын ой-сананың бір түрі. Бұл мәселені В. И. Ленин 1918 жылы қол қойған мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі Декретте ашып сипаттаған. В. И. Ленин мәдени мұраларды мемлекет қамқорлығына алғып, оған арнаулы қаржы болуғе зор көңіл бөлді.*

*Осыларды еске алғып отырып, жазушы А. Сейдімбеков сахарада-*

ғы мәдениет нұсқаларына, белгілеріне айрықша қоңыл боледі. Ол үшін Сарыарқаның географиялық- мәніне тоқталып, оның әдемі тау-тасын, өзендерін, сай-саласын, үңгір-окаптарын, архитектуралық үлгілерін, мал өсіріп, егін салуын өте жарқын түрде терең мағынада көрсетіп бере алған. Оның бүгінгі заманда да ғұлденіп келе жатқаны жан-жақты сипатталады.

Автордың аса көп ой бөлгөні—бақташылар дәуірі. Олардың қонысы, тұрмыс жағдайы, мәдениет қалдығы. Соның ішінде көбірек жүргініп отыратыны сактар (не скифтер), ғұндар, үйсіндер, қаңылар, кейінірек түркі қағанатына кірген тайпалар. Олардың әдемі киіз үйлері қытай тарихы бойынша Лу-Мао-Цзай кітабынан алынған, бөріні, маралды қадірлеуі, тұлтар ат, желдей жүйрік нар түйелерді жа-рыстырып қызық көруі, сол ортаның рухани тіршілігі, ескі жазуалары болғаны: ертек, аңыздары, қария сөздері, шешендік сөздері, эпос жырлары болғаны кітапта тартымды әңгімеленген ғылыми ойларға еріс болған.

Ескі тайпалардан өздерінің тарихтағы ізін сүйттай бері қарай өсіп келгендері — үйсін, қаңыл, дулат, суандар (қытай жазуында юебань, чуван), қыпшақтар, арғындар, наймандар (сегіз өгіз), уақ-керейлер, адайлар, кердерілер, қияттар (коңыраттар). Олардан тараған әйелдер ер жігіттен бірдей еркін болды (Құртқа, Ақжуніс, На-зым, Карлыға). Атақты би, тегіндермен қатар ел басқару ісіне қатысқан даныштан әйелдер де аз болмаған. Абулгазы тарихшының айтуынша, Сырдария бойын мекендерген бір оғыз ұлысының өзінен 7 даныштан қыз шығып, ел билеген, соның бірі атақты Алтамыс батырдың әйелі — Гүлбарышын, ол қыз өлгенде оның атына оғыз бен қыпшақтар бір қаланың атын "Барышын-кент" деп қойған. Барышынды жақсы көрген оғыз үрпақтары — кейінгі қазақтар оны «Қыз қала» деп атаган. Оған таяу түрган атақты Көк-Кесенені Абулгазы осы Барышын сұлудың күмбезі еді дейді. Сондай тарихта аты қалған. әйелдердің бір тобы Баян сұлу (күмбезі Аяқөзде), Белең-ана, Жұбан-ана (күмбездері Сарысу өзенінің бойында сақталған), Құлан-қа-тын, (XIII ғ. Шықғыс ханның тоқалы), Болған-ана (XIII ғ.) Жошы-ханның қызы, Каңыл сұлтандарының байбішесі (күмбезі Кеңгір өзенінің аяғында). Бұл атақты белгілер XVIII ғасырдан бері қарай орыс әдебиетінде әдемі айтылып келеді. А. Сейдімбеков өз кітабында байырғы еңбектерге ықжадағатпен, ұрымтал жүргіне отырып, әдемі ойлар айтады, тарих, мәдениет белгілерін қорғайтын орындарға жарқын кеңес береді.

Жазушының көп ой бөлген мәселесі, ғасырлар бойы сақталып келе жатқау кейбір тарихи қымбат белгілерді қалай сақтап қалу жайы. Олардың көбі бүгін-ертең жойылып кетуге жақын тұр. Олардың ішінде әдемі сәулет өнері Алаша хан мазары, (XI ғ.), Аяққа-мыр (XI ғ.), Жошы-хан мазары (XIII ғ.) тағы басқалар. Мұндай

қымбат ескерткіш белгілерді сақтамай, тоздырып алу өшпейтін бір оқініш қой.

Мәдениеттің күрделі ізін жазушы А. Сейдімбеков толық жатқан тас үңгірлерден, тас бетіндегі сайраған суреттерден көреді. Соңдай жарқын ойлардың бірі Орталық Қазақстанның, Бетпақдаланың жер аттары, сол Бетпақдаланың ұзақ шөлін ерте кезде кесіп өткен неше алуан сусыз жолдары туралы. Соның бәрі де тартымды тілмен, жүйелі оймен, әсіресе ел ішінен ерінбей жинаған қызықты деректерімен баурап отырады.

Сайып келгенде, кітап өте мазмұнды, білікті де бай деректерге сүйеніп, әдемі тілмен жазылған, көшилік құлышына оқиды деп сенеміз. Кітаптың түйінді ойы — тарихи-мәдени белгілер ұлы Отанның бір қырын танытар айнасы дегенге саяды.

Элкей МАРҒУЛАН,  
академик.

CYPTKeH,  
6ip

i L .  
 i F e i - , - , F .  
 c F i e i e F .  
 , Y i Y ... , . TYce  
 Y e i i .

e i . - . , F .  
 c F e c e i e e c e e i . i i .  
 F i i Y eci .  
 c F i .  
 F F , c F F ci e e i i .  
 F . TYi e .  
 Y i e ?! e i e .  
 K F e i i i .  
 e i e F .

, c F ? c Y e .  
 TYii F i e i ?  
 F . i e i e i — » F F .

бастайтынын сұрай түссеңіз: «Е-е, шырақтарым, бұрынғының айтуы рас болса, бұл жол Ханбалық деген шаһардан басталатын керуен жолының бір тармағы болса керек. Мандайы Жатжұрт деп аталатын түнек далаға жетіп жоғалады екен»,— дейді қариялар. Шығыстың, Батыстың, ұлы Сібірдің ортасына түскен көне тарихтың табан ізі туралы ауызша жеткен дерек осымен біtedі. Эрине, айтакыр жолда асық ойнаған балалар Ханбалық деген шаһардың Пекин екенін, Жатжұрт дегені қазақ даласының солтүстік жапсарынан басталатын Сібір ойпаты, одан арғы мұз құрсанған «Джатжұд»— түнек өлке /ал-Идриси/ екенін білмейді. Енді бала қиялы әлгі бір тапшы деректі әрі қарай өзі-ақ сан-саққа жүргіртіп, осынау құлазып жатқан қасқа жолдың үстін қайнаған тіршілікке толтырады. Дұлығасы жарқылдалап, қорамсағы салпылдаған батыр да, айыр көмей ақын да, ақ сақалы беліне түскен ақылгой дана да, асай-мүсейін арқалаған диуана да, ат сауырына көз жасы тамған ару да, моншақтай тізілген қалың керуенниң алды-артын ораған алаяқ саудагерлер де осы жолдың үстінде ерсілі-қарсылы сапырылысып жатады. Бала қиялы тірілткен елестің бастауы құнғірт, байлауы көмескі. Мықтаса ертегі, аңыз болып тынады.

Асан Қайғы айтпақшы, «Төс табаны төрт елі атан жүрер...» көне жолдың үстінде қаннен-қаперсіз асық ойнаған ауыл балалары әрі-беріден соң зерігеді. Зерігеді де басқа ермек іздейді. Сол кезде, қозы өрісіндей жердегі жазықта құж-құж болып шөгіп жатқан қалың тас қорымды көреді. Эр қайсысы кереге қанатындај жақпар-жақпар алып тастандарды әлдекім әлде қайдан көтеріп әкеліп, қырынан коя-коя салған. Енді бір жerde ат үстінен қол созсаң бойың жетпейтін шомбал сын тасты әлдекандай құдірет күш иесі бір-ақ нұқып жерге қадап кеткендей. Ол да ештене емес-ау, одан әрі араппай түссеңіз алдыңыздан қыр мұрынды, қияқ мұртты тас бейнелер шығады. Осынау ауыл орындај жерді алып жатқан тіс-тіс, құж-құж, анғал-санғал тас қорымды кірпік қақпай құзетіп түрған тас батыр сияқты. Белінде — кісе, мықынында — қылыщ. Тап бір елдің шеті, жаудың бетінде тұрып шөлдеген соң таңдайын жібіту үшін сапты аяғына сусын құйып алған ба дерсіз. Сол бетінде тас болып қатып қалған.

Бұл қорым кай кездін белгісі? Кімнен қалған? Мынау әрқайсысы киіз үйдің бір-бір қанатындај тастан-

ды кім, қалай, не үшін орнатқан? Білмекке құмарлық бала көnlіне осы сұрақтарға жауап іздетіп шарқ ұрғызады. Олардың жүгінетіні тағы да қарттар. Ал карттардың бітімін сол тастардың атауы ғана. Әрбір тас белгінің бітім-болмысына қарап мық тас, дың, балбал, тұңжыр, сын тас, үй тас, шарбак тас, серек тас, бағана тас, қыз тас, келіншек тас, кемпір тас, тас батыр, бақсы тас деп айдар таға ажыратып айтады. Тіптен жер аттарының өзі сол тастардың бітімімен орайлас аталауды. Егер әрі қарай қаузап сұрай түссеңіз: «Е-е кім біледі, бұрынғының кісілері ірі болған деседі ғой, арғы бабаларымыздың қалдырған белгісі болар»,—деп қайыра салады.

Әрине, бала қиялына мұнан арғы деректің керегі де жоқ. Олардың ұшқыр қиялы осынау құпия тас қорымға тағы да жан бітіріп, тағы да қайнаған тіршілікке бөлейді. Небір ғажайып оқиғалар мына шомбал тастардың бір-біреуін арқалап, көз алдындағы даланың көне тарихындей құніренеді...

Әжесі айтқан ертектің әсері болар, атасы жырлаған қисса, хикаяның жаңғырығы болар, әйтеуір бала көкірегі болмашыдан осылайша байтақ әлем тудырып ала береді.

Ауыл шетіне шыққан бір топ бала мұнымен де тынбайды. Қалың қорымды тұртіп оятып, тірішлік дарытқан бала қиялы сол қорымды қайтадан тас қалпына түсіріп қатырады да келесі қызықты тамашалауға ойысады.

Балалардың келесі тамашалайтын жері Аюшат деп аталатын тау анғары. Анғар аузында қараған жанның тақиясын түсірердей жалама жартас тұр. Мұны жергілікті жүрт «Таңбалы тас» деп атайды. Десе дегендей, жартас беті небір шимайлы суретке, құпия белгіге, қым-ғуыт таңбаға толы. Таңбалы тастың алдында қан қызыл күйген кірпіштен өрілген күмбезді мазар тұр. Мазарға қарасаң таңбалы тастың барлық құпиясын бауырына басып жатқан сол секілді қөрінеді. Ал таңбалы тасқа қарасаң, анау жалтыр бетіне салынған қалың белгі мына мазардың шежіресіндегі әсер береді.

Бұл да бала қиялын, балаң қиялды өз соынан дедектете ілестіріп жөнеледі.

Аюшаттағы таңбалы тастың бауыздау алқымында үнгір бар. Үнгір аузынан жүрелеп кіруге болады. Әрі қарай кен сарай, алып күмбез. Қадам басып, бойлаған

сайын тас қаранғылық көзінді жасқап, салқын леп бетінді шарпиды. Бір сәт демінді басып, тына қалсан алыс түкпірден су сылдыры естіледі. Оның қайдан шытып, қайда сініп жатқаны белгісіз.

Ауылдың балалары Аюшатты армансыз аралайды, зерікпес құмарлықпен тамашалайды. Құпия күмбездің әр кірпішін сипап, әрбір іні мен бұрышына сұқтана қадалады. Сұқтана қадалған сайын сұлулық атты құдірет кішкене жүректеріне мәңгілікке қонақтап жата-тынын олар сезбейді, әрине.

Ал жартастағы жазуларға қараған кезде балалардың қиялы қанаттанып кетеді. Тас бетіне салынған мындаған жылдар бұрынғы жан-жануарға тіршілік дарып, қым-ғуыт қымыл басталады. Сурет аншылардың жебелері сұылдан, найзалары зуылдан, мүйізі қарағайдай бұғылар жанталасады. Дәл қазір қос дөңгелекті арба да, қосақтап жегілген өгіз де, көкке қол жайған ана да, етекке оралған бала да қымыл үстінде. Тіштен құпия танбалар мен белгілердің өзі үн қатып, жыптырап, сөйлеп кеткендей...

Көне заман құпиясын бала қиялы өзінше жориды, өзінше сойлетеді. Адамзаттың балан кезіндегі ұғым-түсінігі қалдырган белгі-бедер бала санаасымен үндесіп жатқандай, тіл табысқандай. Сол көне белгілердің бүтінгі тандағы ең зерек жорушылары да осынау бала-лар сияқты.

Жартастағы суреттерді армансыз сойлеткен балалар енді, сөз жоқ, ұнгірге кіреді. Ұнгірдің әсері әрине, айырықша. Дәл қазір құнұзынғы айтакыр жолдан, бай-тақ тас қорымнан жұмбак мазардан, құпия суреттерден туындаған небір қиял-ғажайып елестер енді шындыққа айналып, алдыннан шығатындей. Көз жетер жерден әріге аттап басуға батылы жетпеген балалардың балапан жүректері дүнгір қағып, біріне-бірі иін тіреседі. Білмекке деген құмарлық жіпсіз байлан тастағандай.

Амал қанша, ғасырлардың құпиясы бала аңсарына онайлықпен ашыла ма! Міз бақпастан, тырс етпес тыл-сым қүйін өзгерпестен қала береді.

Балалар тас түнек ұнгірді артқа тастанап, сыртқа беттейді. Жарық дүние, туған жердің көк торғын аспаны алдынан шығады.

Көк торғын аспан... Көк жүзінде айқыш-ұйқыш ақ жолақ іздер жатыр. Бұл—бүтінгі қуннің үйреншікті ізі, Құн сайын күміс қанаты жалтырап, байтақ даланы

тітірете ұшып отетін көк сұнқарының соңында шүйкедей созылып осы секілді ақ жолақ қалатын. Бала қиялы бұған да ілесіп жөнеледі. Шіркін-ай, ұшырып бара жатқан кім екен? Кайдан ұшып шықты екен? Қайда асығып барады? Ұлы сезім — құдірет түйсік — білмекке деген құмарлық титтей жүректі тулата жөнеледі. Бұл адамзат баласының мандайына жазылған мәнгілік қасиет.

Шексіз ғұмыр, мәнгілік даму алдында бұрынғы өмір сүргендердің бәрі де нәресте іспеттес. Анау сайрап жатқан айтақыр жол да, сыр-мұнын ішіне түйіп мұлгіген тас қорым да, мынау құнгір қакқан мазар да, тұла бойы жазу-сызуға толы жалама жартас та, тылсым тұнекті алдына тұтар үнгір де, тіптен сонау көк жүзінде қалған ақ жолақ та... бәрі-бәрі білмекке деген құмарлықтың іздері.

Иә, нәресте сезім, балаң түсінік туған жер төсіндегі шежірелі сораптарды шыырлады жүргенде жиырмасыншы ғасыр ақыл-ойының ізі сол даланың көгіне шимай салып кетіпті... Міне, балалық шақтың естен кетпейтін бір суреті осы еді.

...Содан бері де талай уақыт өтті. Талай рет көктем гүл шашып, жыл құстары жұмыртқа салды. Дала әлі де сондағы сабыр мен сырға тұнған қалпында. Тауы тау, тасы тас, көл көл, гүлі гүл күйінде. Айтақыр Хан жолы да, ауыл орнындей тас қорым да, мұлгіген мазар да, менірейген жартас та, ондағы шым-шытырық жазу-сызу да, үнгір де еш өзгермеген.

2. Өзгергені бір-ақ нәрсе. Ол — балалық қиялымыз. Дәлірек айтсак, балаң қиялымыз. Ғасырлар бойы өзін-өзі тани алмай, туған жердің құпиясына таңырқап, тамашалап өткен балаң қиялымыз байсал тартқандай. Оң-солымызды, терендік-бигімізді, арғы-бергімізді тани бастадық. Бұл — халық өміріндегі рухани мәдениеттің, ғылыми ойдың, тегеурінді әрекеттің жаңа кезеңі. Мұндай ұлы бетбұрысты Октябрь революцияның шұғылалы шапалы ала келді. Байтақ дала төсіндегі көз алдымызда өткен формациялық алмасулар, әлеуметтік өзгерістер, экономикалық жаңғырулар сол даланың дидарына жаңа рен, жарқын шырай ұялатты. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдастың сөзімен айтқанда: «Тұысқан республикалар шоғырында қазір

Казақстан жұлдызы бұрынғыдан да жайнап, жарқырай түсті» (5, 174).

Даланың тулеуі, сөз жоқ, сол даламен тағдырлас халықтың жан дүниесін де нұрландырмак. Бұл—әлеуметтік-экономикалық ілгерілеудін рухани толысуга шапағатын тигізетін әліппе шындығы. Ғасырлар бойы тусырап жатқан дала төсіне кен барлаушылардың бұрғысы ғана бойлап қойған жоқ, сонымен бірге археологтардың абылқимылы да алыс заманалардың қатпарына үңіле бастады. Кен барлаушылар «қекектен басқа құсы жоқ, қекпектен басқа шебі жоқ» құла дүздің қойнынан небір асыл қазыналарды тауып, өлкемізді құт мекенге айналдырса, археолог-тариҳшыларымыз сол даланың шежіре сырын алдымен өзіне, қала берді әлемге паш етті.

...Жұмыр жер адамзат баласының ғұмыр шежіресін қаза жібермesten өзінің өн бойына жазып жатады. Тек оны оки білер кез, түсіне білер көкірек керек. Бақсақ, бала кезімізде, балаң кезімізде асық ойнаған айтакыр төрткүл дүниені орап кететін қасқа жолдын бір тармағы екен. Анау жалама жартас түбіндегі ұнгірді паналап, сол ұнгір ішінде бауыр көтерген адам әулеті арада әлденеше мындаған жылдар өткенде, дәл сол өнірден адамзат баласының тарихында тұнғыш рет космос кеңістігіне көтерілді. Таң түнек ұнгір... шексіз кеңістік! Әсіре-қызылы жоқ, бірақ қиялдың өзі қызғанардай шындық. Иә, тастұнек ұнгір мен шексіз кеңістік! Адамзат баласының бүгінге дейінгі ғұмыр шежіресі осы екі аралықта сайрап жатыр. Әлгі тасқорым да, балбалдар мен тұңжырлар да, жалама жартас бетіндегі белгі-бедер де, құнгірлеген мазар да, көк жүзіне шимайлы із тастаған самолеттер де бәрі-бәрі жанағы тас ұнгірден бергі өмір жолымыздың өн бойына жазылған ғұмыр шежірелеріміз. Әр ұрпақ бүкпесіз шындық-пен өз болмысының ізін калдырған. Таң ұнгірден бергі шежірелі жолдың өн бойында мың-сан ұрпақтың өмір үшін тырбанған тынымсыз тіршілігі, ұғым-сенімі, салтдәстүрі, тірнектеп жинаған тәжірибесі, бір-біріне көрсеткен зорлығы мен қорлығы, сирек те болса қуаныш белгілері сайрап жатыр. Бұл — таным жолы. Ең ғажабы

1 Бұл жерде және бұдан былайғы беттерде жақшаша ішіндегі бірнеші цифр кітап сонында берілген әдебиеттер тізімінің рет санын білдіреді. Екінші цифр—цитата келтірілген шығарманың бетін көрсетеді. Егер цифрлар саны үшеу болса, онда бірнешісі жүгінген әдебиеттікіздің кітап сонындағы рет санын, екіншісі сол әдебиеттің томын, ал үшіншісі—бетін көрсетеді.

сол—Адам құдірет табанын тасқа тілдіріп, мандайын күнге құйдіріп, көбесін сөгіп, өкпесі өшіп, ілгері жылжыған сайын өзінің асқақ тұлғасын талмастан шындалап отырыпты. Мұның өзі сайып келгенде танымның шындалуы. дәстүрдің шындалуы, сұлулық туралы ұғым-тұсініктің шындалуы...

Міне, қадірлі окушым, туған өнір өзінің шежірелі сыйрын тындау үшін жолға шығарған жайы бар. Рас, табан жолымыз алыс қиянды шарламайды. Оның есесіне уақыт жолы бізді алыс заманалар сілеміне бастайды. Уақыттың тым шалғай да шимайлыш жолы бізді Сарыарқа деп атаплатын құба жонның тесіндегі құжынап жатқан тарихи, археологиялық, топонимиялық, эпиграфикалық, архитектуралық белгі-бедерлеріне алып келер. Осы тұста негізгі мақсаттың басын аша кеткен артық емес. Біз әлгі белгі-бедерлерге тізгін тарта отырып, халқымыздың ғасырлар қойнауынан басталар рухани таным-тұсінігі жайында, дәстүрлі өнеріміздің тегі туралы, сол дәстүрлі өнеріміздің уақыт толқынында жіңішкеруі бар, бірақ үзілмеген ерекшелігі хақында ой өрбітіп көрмекшіміз.

Қандай бір белгі-бедерге назар аударсақ та, осы уақытқа дейін жинақталған тарихи, археологиялық дөректер, пайымдаулар қаперімізде отырады. Әрине, ойды ортаға салудан зиян жоқ, ол айтылмай қалса — өкінішті. Бәлкім, кей тұстарда жаза басып, жаңсақ кеткендей жайымыз да болар. Қалай дегенмен де, шындықтың (ғылымның) жолы — шырғалаң, құрделі де қын соқпақ. Ал сол шырғалаң жолдың аузына «Басқалардың кіруіне болмайды» деген жазуды іліп қоюға тағы да болмайды ( 96, 20). Олай болды дегенше, ондай жолға шөп шығып кету оп-оңай. Ашық аспан астында, туған өлкे төсінде тұнып жаткан шежіре сырды жол-женекей хал-қадірімізше айта жүргүре жарасақ арман бар ма!

Себепсіз салдар жоқ. Хал-қадірінізше бір істі тындырдым-ау, дегенде, сол іске демеу болғандар еске түседі. Сайын даланың сағымды белдерін бірге шарлап, қанатты ойларын ортаға салған Ғабдолла Құлқыбаев, Марат Сенбин, Жомарт Эбдіхалықов сияқты достардың есімін құрметпен атایмын. Әсіре қызылдан ада, ғылыми ақиқатты темірқазық еткен академик Әлкей Марғұланың ақыл-кеңестеріне айттар алғысымыз айырықша.

I  
 6epi  
 F . 0  
 i F , Y i i .  
 i i - Y i i i F i i .  
 F i i .  
 Y i , F . 0  
 i F i i i i .  
 i Y F i i .  
 F i i .  
 , Y i i F F  
 Y i i F , i , .  
 i i , F .  
 i i , F F .  
 i i , F .  
 i i , F .  
 7). i i i i i i i i Y i , (10  
 , i i .  
 1 i i .  
 1 Y i .  
 1 .

дерге дейінгі, ауыл, село, қалалардан бастап, ондағы завод, фабрикаларға дейінгі сан тарау ғұмырдың белгі-бедерін рухани, мәдени нышандар — бір сөзben айтқанда, өмір салтының, тіршілік болмысының бедері деп қарауымызға дес береді. Бұл, әсіресе, бүтінгі танда, кемелденген социалистік қоғамымызда эстетикалық мәдениет бүкіл-халықтық іс-әрекетке айналған шакта тіпті айқынырақ аңғарылып отыр. Әрі қарай ой өрбітсек, эстетиканың нысана етері тек қана әдебиет, көркем сурет, мұсін, музыка, архитектура, сақна өнері ғана емес, сонымен бірге қоғамдық өміріміздің материалдық-өндірістік, әлеуметтік-саяси және рухани өрістерін де қамтитынын көреміз. Әрбір индивидтің рухани деңгейі практикалық іс-әрекеттің әмбебабтығына, жан-жақтылығына байланысты деп келетін тұжырым — эстетика туралы түсініктің адастырмас бағдаршысы. К. Маркстың мына сөзін оқып көрініз: «Воздействуя... на внешнюю природу и изменения ее, он в то же время изменяет свою собственную природу. Он развивает дремлющие в ней силы и подчиняет игру этих сил своей собственной власти» (1, 23, 188-189). Тағы да былай дейді: «Лишь благодаря предметно развернутому богатству человеческого существа развивается, а частью и впервые порождается, богатство субъективной человеческой чувственности: музыкальное ухо, чувствующий красоту формы глаз...» (2, 593). Ендеше қоғамдық сана қоғамдық болмыстың перзенті екеніне күмән болмаса керек. Ал мынау байтақ даламыздағы шашырап жатқан ескерткіш белгілердің бәрі де, сөз жоқ, саналы әрекеттердің сілемі. Уакыттың сан тарау толқыны тудырған сол ескерткіш белгілерге зер сала отырып адамдардың ұным түсінігін, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, тылсым дүниені сұлулық заңдылықтары бойынша игерген талғам деңгейлерін анықтауға болады. Адам жасаған мәдениет атаулы сол адам қалыптасқан мәдени ортаның деңгей-дәрежесімен өлшенеді.

Ескіні жананың ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі, бұл — мәнгілік процесс. Осынау бірін-бірі жоққа шығарып жататын мәнгілік процестің үзілмей созы-

<sup>1</sup>К. Маркстың айтуыша адам баласы өзін коршаған табиғи ортага ықпал жасап, оны өзгерту арқылы өзінің де жаратылысын өзгертіп отырады (1, 23, 188-189). Сол сияқты адамзат баласы жаратылысындағы мүмкіндігі мол ерекшеліктердің арқасында музиканы айырар құлак, сұлулықты танитын кез... сияқты субъективті сезімдерін шындарап отыратының ескергеді (2, 593).

латын бір арқауы бар. Ол —дәстүр. Көрнекті совет филологы, профессор А. Ф. Лосевтің айтуы бойынша мәдениеттің қандай бір айғағы болса да, мейлі мифологиялық, философиялық, эстетикалық, филологиялық немесе тар аядағы терминологиялық айғақтар болсын, бәрі-бәрі мәдениеттің атты байтақ әлемде тек қана дәстүрдің көлігіне мінгесіп ілгері жылжиды. Тарих кең көзді елек сияқты. Уақыт екшеуіне төтеп бере алмағандар сол елек көзінен тұсіп қалады, Бұл қатал зандылық дәстүрге де қатысты. Қоғам дамуына қаражу келтірген дәстүр атаулы тарихи прогрестің шанын қауып қалмақ. Бірақ қандай бір әлеуметтік өзгерістерде де тіршілік болмысның дәстүрлік сабактастығы үзілмейді. Егер біз адамзат мәдениеттің мәнгілік мұхитқа бет алған өзенге теңесек, ал дәстүр сабактастығын сол өзенге нәр беріп жатқан бастау бұлаққа теңеуге болар еді.

Дүние — үлкен көл,  
Заман — соккан жел,  
АЛДЫҢҒЫ толқын — ағалар,  
Артқы толқын — інілер,  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай көрінер,—

деп ұлы Абай айтқандай, ұрпақтардың алмасуы тоқтамаған жерде дүние болмыс-бітімінің сабактастығы үзілмек емес. Сондықтан да Әмір тіршіліктің әр саладағы дәстүрлік жалғасуын адамзат тәжірибесінің, адамзат мәдениеттің арбакешіне баласа лайық. Дәстүрдің жалпы философиялық мәні де осыған саяды. Дүниеге келген адам бойында адам болудың нышаны ғана болады. Сол адам нышанындағы тіршілік иесін әлеуметтік тарихи тұлға (личность) ретінде қалыптастыратын—әр халықтың тарихи-табиғи болмыс-бітімінің табы, дәстүрдің құдіреті, мәдениеттің сабактастығы. Адам ешуақытта өзінен-өзі адам болмайды, адам болуды шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап үйренеді. Ал адамды адам ететін — жұмыр жерді мекен еткен сан толқын ұрпақтардың ақыл-ойы мен тірнектеп жинаған тәжірибесі. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға ауысатын тарихи-әлеуметтік, қоғамдық практикалық болмыс-бітім, қасиетті дәстүр сабактастығы болмаса адамзаттық прогресс те болмас еді. Әмір-салт, тіршілік болмысның ғажайып сабактастығы үзілген жерде бәрін де тырбанып қайтадан бастауға мәжбур болар едік. Әрбір адамның

бойында адамзат баласы жүріп келе жатқан жолдағы баға жетпес тарихи тәжірибелің үлгісі бар. Адамзат баласы жасаған мәдениет маржандарын теңдеп алған дәстүрдің ұлы керуені мәнгілік тоқтамастан уақытқа ілесіп отырмақ. Партияның XXII съезінде қабылданған КПСС Программасындағы «Дүние жүзілік мәдениетте жасалған не жақсының бәрін өз бойына жинақтап алып, онан әрі дамытушы коммунизм мәдениеті — адамзаттың мәдени дамуындағы жаңа, жоғары саты. Бұл мәдениет коғамның рухани өмірінің барлық алуан түрі мен байлығын, жана дүниенің жоғары идеялылығы мен адамгершілігін өз бойына жинақтайтын болады. Бұл тапсыз қоғамның мәдениеті жалпы халықтық, жалпы адамзаттық мәдениет болады» (6, 447—448), — деген тұжырымдар бүтінгі танда рухани танымның алтын казығы.

Ұрпактар сабактастығының, дәстүр сабактастығының, мәдениет сабактастығының айғағын бүгінгі гүлденіп-қоркейген Казақстанның тарихи болмысынан айқын анғаруға болады. Советтің шығыстанушы археологтары, лингвистері, нумизматтары, архитектура тарихын зерттеушілері, әдебиет пен өнердің, ғылымның тарихын зерттеушілері, этнографтары бүтінгі танда Орта Азия халықтарының мындаған жылдық ғұмыр шежіресін паш ете алар қыруар мағұлматтар жинақтап үлгерді. Рас, Орта Азия халықтарының, соның ішінде дала әлемін мекендеген қазақтар сияқты көшпелі<sup>1</sup> елдердін ата-бабалары туралы деректер шумерлер мен мысырлықтардың (Египет), эламиттер мен уартулықтардың жазбаларында, парсы патшаларының тасқа басылған шежірелерінде, Төуратта (Библия), Қыыр Шығыс пен Европа жиһанкездерінің, тарихшыларының жазбаларында кездеседі. Эрине, оларлың қай-қайсысы да дала тұрғындарының болашағын ойлағандықтан деректер қалдырмаған. Олар сол даламен сауда-саттық жасасқан, сол далада жорық-қа аттанған, сол даладағы тасқын судай қалың нөпір қарулы қолдан талай рет зардап та шеккен. Шығыс тарихын зерттеуші ғалым Л. Н. Гумилев айтатын ұлы даладағы көшпелілер империясы тарихтың ұзына бойына төнірегіндегі отырықшы елдердің қай-қайсысының

<sup>1</sup> Көшпелі —«көшпенді» емес. Тіліміздегі «көшпенді», «тастанды», «жынды», «шәйінді», «ірінді», «қиынды», «жаттанды» сияқты «иди-нди» жүргінгенде айттылатын сөздердің бәрі де жағымсыз мағна береді. Демек, дұрысы «кешпелі» болады.

да өмір жолына тайға таңба басқандай іздерін қалдырып отырған. Эрине, мұның бәрі бүгінгі байсалды методологиялық принципптер бойынша көшпелілердің тарихи аралындағы көптеген халықтардың әлеуметтік-саяси байланысы, тарихи-мәдени қарым-қатынасы, рухани алмасуы, бірін-бірі байытуы тұрғысында қаралады"

Тұған өлкенің қызық та, курделі тарихын танып-білуде Октябрь революциясына дейінгі орыс ориенталисттері нің сінірген еңбегі де айырықша. Сөйтеп тұра, шын мәніндең ғылыми тұжырымды нақтылы деректерге жүгіне отырып арғы-бергі тарихымыздың курделі шежіресін совет ғалымдары жасады. Олар темірқазық еткен методологиялық принцип—диалектикалық материалистік концепция отандық ориенталистика жинақтаған қыруар материалдар мен деректерді сарапап берді деп мақтанашпен айтуға болады. Совет ғалымдарының табанды еңбегінің арқасында тұнғыш рет байтақ Отанымыздың шығыс өнірін мекендеген халықтардың шыншыл, ғылыми тарихы жасалды. Отаршыл менмендіктен ада немесе кіріптар қорғаншактығы жоқ тарихи шежіренің жасалуы Советтік Отанымызды мекендеген халықтардың өткені мен бүгінін танып білуіне, болашағына сеніммен қарауына себеп болып отыр. Мұның өзі, сайып келгенде, халықтың рухани таным-тұсінігі балаңдықтан байсалдылыққа көшу деген сөз. Жеті атасын ғана білгенге мәз болған ел-жұрт енді жеті ықылым заманғы тарихи жолын танып білуге ден қойды. Советтік Казақстанның бүгінгі таңдағы гуманитарлық ғылыми сан тарау өрістерге шығып, халықтың өткенін бойлай зерттеуде. Тарихшылардың, археологтардың, этнографтардың, фольклористердің, өнердің әр түрін зерттеуші мамандардың эмпирикалық материалдарында сүйене отырып, іргелі тарихымыз туралы, дәстүрлі өнеріміз туралы, халқымыздың ғасырлар қойнауынан тартылатын эстетикалық таным-тұсінігі туралы толғамды ойлар қозғауға мол мүмкіндіктер туды. Байтақ дала төсіндеңі шашырап жатқан алыс заманалардың белгі-бедері тарихи тұрғыдан ғана құпия сырын ашып койған жоқ. Енді қасқая созылған айтақыр жолдар да, құж-құж болып шөккен тас корымдар да, күнгірлеген күмбездер де, құпия жазулар да халқымыздың өткен өмір жолын, таным- түйсігін, эстетикалық талғамтатымын танып-білуге көмектесер кілтке айнала бастады. Тарихи-мәдени, археологиялық мұраларды іздеп табу, тіркеуге алу бір ғанибет болса, оларды аялап, корғап

қалпына келтіріп, ұрпақтар игілігіне айналдыру—екінші қажеттілік. Ал табылған, тіркеуге алынған асыл мұралардың тарихи-мәдени мәнін ашу, халқымыздың тарихи болмысының айғағы ете зерттеу, эстетикалық таным-түсінікпен тамырластырын анықтау — міне, бұл ең мәнді, ең негізгі мақсат. Тарихи-мәдени мұралардың тағылымдық қасиетінің ізі, міне, осында болса керек.

2. Қазір Қазақстан жерінде, Республиканың байтақ даласында ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі уақыттың күөгері сияқты 25 мыңнан астам тарихи, мәдени ескерткіштердің бар екендігі анықталып отыр

(42, 14). Халқымыздың осынау ғажайып мұрасын есепке алу, оларды қорғау және ғылыми білгірлікпен қалпына келтіру аса мәнді проблемалардың бірі. Оған қоса сол тарих ескерткіштерінің ғылыми мәнін саралау, халқымыздың сан ғасырлық мәдени болмысына айғақ ету бүгінгі кемел уақыттымыздың рухани қажеті. Шашырап

жатқан сан ғасырлық коркем мұраларды, замана айғақтарын типологиялық және нақтылы тарихи аспектіде зерттей отырып, әрбір ғылыми жаңалықтың бұқаралық сипат алуына, мән бере білудің маңызы зор. Халықтың

ғұмыр шежіресімен сабактас археологиялық, этнографиялық тың деректер, тарихи, эстетикалық соны пайым-

даулар аз аянын, тар өрістің «жаңалық-жетістігі» болып қалмай, халықтың рухани игілігіне ұласуы керек. Жаңа социалистік мәдениеттің алғы шарты ретінде, ғасырлар бойы тарихи даму барысында жасалған мәдени мұраға сын көзімен қарай отырып, оның сабактастырын қамтамасыз ету қажеттігін кезінде В. И. Ленин атап көрсетті (4, 31, 288).

Ұлы Октябрь социалистік революциясының алғашкы қундерінен бастап-ақ Коммунистік партия мен Совет үкіметі мәдениет байлыктарын бұқара халықтың игілігіне айналдыру шараларына айрықша мән берді. 1918 жылдың 14 апрелінде Халық Комиссарлар Советі жариялаған "Республика ескерткіштері туралы" Декреті, 1918 жылдың 5 октябрінде В. И. Ленин қол қойған «Жеке адамдардың, жұртшылықтың, мекемелердің иелігіндегі өнер және ескілікті ескерткіштерді тіркеу, есепке алу, қорғау туралы» Декрет немесе 1919 жылдың 18 апрелінде үкімет декретімен құрылып, кейін СССР Ғылым Академиясының құрамына енген Россияның материалдық мәдениет Академиясы сияқты ауқымды шаралар тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау үшін жасалған

тендесі жоқ қамқорлықтар еді. Одан бері де партия мен үкімет Совет Одағындағы халықтардың мәдени мұраларына ұдайы әкелік қомқорлық көрсетумен келеді. Со-лардың ішінде 1923 жылы мәдени мұраларды мемлекет қамқорлығына алу үшін арнаулы қаржы бөлу туралы қабылданған қаулының мән-манзызы ерекше болды. Байсалдылықпен жүргізілген бұл сияқты иғі шара-лардың қай-қайсысы да, сөз жоқ, өз нәтижесін беруде.

1976 жылы «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» СССР Заны, ал 1978жылы «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақ ССР Заңы жарық қөрді. Бұл сияқты заңдардың қабылдануы — бұқара халықтың кемелденуі мен рухани толысусын одан әрі жақсарту жолында Коммунистік партияның және Советтік мемлекетіміздің аса зор қамқорлығының тағы да бір тамаша айғағы болды. Жаңа заңдарда тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік тіркеуге алушан бастап, оларды қорғау мен пайдалануға және әрбір үйымдар мен азаматтардың жауапкершілігіне дейінгі мәселелерді жан-жақты ескерген. Осынау өзекті талаптардың қай-қайсысында да халықтың рухани мәдениетінің өсіп-өркендеуіне ықдағаттықпен қарau жөнінде В. И. Ленин идеяларының бас-шылыққа алынып отырғанын айқын анғарамыз. Жаңа Заңға тән ерекшеліктердің бірі — мәдени мұраларға қамқорлықпен қарал, оны қорғау ғана емес, сонымен бірге тарих және мәдениет ескерткіштерін идеялық-тәрбие жұмыстары үшін мейлінше тиімді пайдалану болып табылады. Социалистік қоғамымызда жеке адамның қалыптасуына, халық санасының өсуіне, қоғамдық психологияның қалыптасу процесіне, ұлттық сана-сезімнің шындалуына тарихи-мәдени мұралардың ықпалы ерекше. Сондықтан да Жана Заң бізден тарих пен мәдениеттің озық үлгілерін көздің қарашығында сақтауды талап етеді, сол озық үлгілер арқылы идеялық сенімімізді нығайтуға, бүтінгі ірге тасы биқтеп бара жатқан мәдениетіміздің талғамды да татымды, ойлы да өнегелі болуына ықпал етуге шақырады.

Бұтінгі үрпақтың тәрбиешісі тек туған шаңырағы, білім алған мектебі немесе жолдас-жоралары ғана емес. Сонымен бірге, отken өмірдің белгі-бедері, жаңғырығы, тарихы — біздің, әр қайсымыздың көзге көрінбес «ұстазымыз». Жолың түскен бір шақтарда көзі қаракты

серігін «мына тобенің етегіне еліміздің тарихындағы тұңғыш мыс заводы салыныпты», «осы даладағы әр түп көденін тамырын әйгілі Ақан серінің дауысы дірілдеткен» десе, немесе «мына бір ағаш үйде Михаил Васильевич Фрунзе оқыған», «ал мына бір үйде дауылпаз ақын Қасым Аманжолов тұрған» десе, осы бір болмашы деректің өзі-ақ сіздің сана-сезім әлемінізді туған жердің шежірелі тарихымен тамырластырып кептей ме! Демек тарихтың сан толқын дерегін, туған еліміздің еңбек шежіресін, революциялық дәстүрін, сан тарау өнерінің сабактастығын білу арқылы біз ең алдымен өзімізді өзіміз танимыз. Қайдан шығып, қайда бағдар түзегенімізді білеміз. Тарихи-мәдени мұраны танып-білу арқылы біздің әр қайсымыз өткеніміз бен бүгінгіміз үшін, жарқын болашағымыз үшін парасат-болмысымызды шынтаймыз. Адам баласы үп еткен желге тамырын үзіп, тоқтаған жерге тұқымын төгетін қаңбақ емес қой. Саналы адамның( хомо сапнэнс) ең бір мәнді белгісі: ол рухани отырықшылығымен, яғни қоғамдық-әлеуметтік күнкөріс, түсінік тәжірибесінің тарихи сабактастығымен дара-ланады. Біздің ата-бабаларымыздың өмір-салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болмаған. Кез келген көшпелі бабаларымыз туған жердің өзен-колін, тау-тасын, орман-тоғайын ешбір отырықшы замандастарынан кем сүймеген. Сондықтан да кіндік қаны тамған жері үшін тайсалмaston жүрек қанын да төге білген. Сондықтан да сол даланы әнмен әлдилеп, күймен тербegen. Сол далаға ең аяулы атаулар берген. Сол далаға тек қана сұлұлық деп аталатын ұлы түйсікпен үндесетін белгілер қалдырыған. Кыскасы, байтақ дала көшпелілердің рухани әлемі болған. Ендеше, дәл бүгінгі танда да туған шаңырағынан бастап, өз мектебінді, өз ауыльнұды, өзінің қалаң мен даланды, туған елінді, бүкіл адамзатты сую, осынау байтақ әлемдегі рухани асылдарды ардақ тұту—ен алдымен адамның рухани отырықшылығы үшін, демек, адамгершілік түйсік-сезімнің, дүниетаным түсініктің тегеуірінділігі үшін де қажет. Туған жер төсіндең тарихи мұраға немкетті қарау—туған ел тағдырына немкетті қараумен бара-бар...

Сондықтан да біз туған жердің төсіндеңі белгі-бедерге сергек мойын бұра отырып, өткенге ой зерделетеміз, бүгінгі жеткен жерімізді бажайлаймыз, болашағымызға жауапкершілікпен қарап, ертеніміз үшін еркін әрекетпен батыл күресеміз.

III. ¥

I. yFbMMeH 6ip  
ri — — — 1 1 F , F , F , F .  
1 (36, 3—8) .  
F 1  
" " "  
1 yF - y i i i 1  
1 , i i , 1 , ,  
1 1

сезімталдығына айғақ. Бұғынгі география ғылымы Сарыарқаның мындаған шақырым жерге созылған қоянжон дөнес екенін тайға таңба басқандай қағазға түсіріп беріп отыр. Шынында да Арқа десе арқа екен. Осынау сұлап жатқан ұзын жалдың, дөнес белдің қос қапталындағы

өзен атаулы екі жаққа айырыла ағып жатыр. Бір сәт, шығысында — құс тұмсықтанған біткен Тарбағатай сілемінен бастап, батысында — керіліп жатқан Торғай ойпатына ДЕЙІНГІ аралықтағы Сарыарқаның апай төсіне зер

салыныз. Алып жонның өзендері екі жаққа ағады. Сол-капталынан төгіле аққан Шар, Шағын, Ашысу, Тұндік, Көктал, Жарлы, Талды, Өлеңті, Сілеті, Есіл, Нұра, Құланөтпес, Терісаққан сияқты арналы өзендер мандайын солтүстікке қаратқан. Ал енді осы өзендермен бастауы бір, шыққан жері ортак Аяқөз, Бақанас, Тоқыр ауын, Былқылдақ, Қаратал, Қаршығалы, Жінішке, Жәмші, Мойынты, Сарысу, Сарыкенгір, Қаракенгір сияқты жылғасы мол, сұы туңцы өзендер кереғар бағытта онтүстіккеке қарай жамырай ағып жатыр. Міне, осы келтірілген мысалдардан-ақ Сарыарқаның алып су айырығы екенін, ағын су атаулы сол қоянжон дөңестің қос қапталынан төгіле ағатынын көреміз. Мұндай байтақ жонды Арқа демеске болмайтын да секілді. Басқаша атая көкейге қонбайтындей, қөнілге орнықпайтындей.

Көніл зеректігіне қоса кен ауқымдағы сұлулықты сезіп білудің дәлдігі де қайран қалдырады. Сарыжон емес. Сарыжазық емес, Сарыдала емес... Сарыарқа! Сары десе дегендей, бұл байтақ өлкенің мың сан есімдігінен бастап, тау-тасына дейін сарғыш тартып жатады. Сондықтан да дендей біткен есімдіктерін боз бетеге, боз жусан, сары көде, ак селеу, ак ши, шұбар тарлау, ак қайынды актоғай, боз тораңғы, боз тал деп атайды. Ал жұмыр жердің өзімен құрдас дерлік өбден мұжіле тозған тауларын көбінесе Ақтау, Сарытау, Қызылтау, Қызылжал, Ақсенгір, Қызыларай, Ақшатау деп атаса, жазық далаларын Сарыжазық, Ақдала, Бозжазық, Жосалы деп тайды. Арқа тауларындағы мұжілген жартастар мен қақырайған құз қияларына дейін қатпар-қатпар қызығылт сары құмқайрақ тас (песчаник) болып келеді. Ен арғысы бұл өлкенің қойдай өрген күйі мен тұлкісі де қызығылт сары, арқары сарғыш, қасқыры қекшулан болып кездеседі.

Сарыарқаның табиғаты да өзіндік ерекшелігімен қайран қалдырады. Мұлтіген қара орманы, мөлдіреген айна